

ОҚЫТУДЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ (СИЛЛАБУС)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат	3
1.1. Курс атауы	3
1.2. Силлабусты әзірлеушілер	3
1.3. Кафедра	3
1.4. Білім беру бағдарламасы	3
1.5. Жалпы кредит саны	3
1.6. Оқу түрі	3
1.7. Уақыты, орны және тіркеу	3
1.8. Оқыту тілі	3
2. Іске асыру сипаттамасы	3
2.1. Модульге шолу	3
2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы	4
2.3. Құзыреттіліктер, оқу нәтижелері және бағалау критерийлері	4
2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқу іс-шаралары, оқытуға жетекшілік ету	6
2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз	8
2.6. Іске асырудың балама әдістері	11
2.7. Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі	11
2.8. Білім берудің инклюзивті жағдайларын қамтамасыз ету	19
3. Өтпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс	20
3.1. ББ-дағы өтпелі тақырыптарды іске асыру	20
3.2. Пәнаралық байланыс	20
4. Әдебиеттер және ресурстар	20
4.1. Негізгі әдебиеттер	20
4.2. Қосымша әдебиеттер	21
4.3. Өзге ресурстар	21
5. Қосымша ақпарат	21
5.1. Қосымша ақпарат	21
6. Курс саясаты	21
Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері	22
Қосымша 2. Курс құрылымы	22

1. Жалпы ақпарат

1.1. Курс атауы	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР	
1.2. Силлабус әзірлеуші/лер	Жетекші университет	Қатысушы университеттер
	М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
1.3. Кафедра	Педагогика және әлеуметтік ғылымдар	
1.4. Білім беру бағдарламасы	6В01- Педагогикалық ғылымдар	
1.5. Жалпы кредиттер саны	4 академиялық кредит	
1.5. Оқыту режимі	Күндізгі	
1.6. Уақыты, орны және тіркеу	оқу жоспарына сәйкес, офис регистратор	
1.7. Оқыту тілі	Қазақша, орысша	

2. Іске асыру сипаттамасы

2.1. Модульге шолу	
Педагогикалық компонент	
Модуль атауы: МҰҒАЛІМ - РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ПРАКТИКА ИЕСІ	Кредитте р
X МОДУЛІ X	
Педагогикалық зерттеулер	4

Зерттеулер, даму және инновация	5
---------------------------------	---

2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы

Бұл курс педагогтік құзыреттіліктің келесі салаларын дамытуға бағытталған:

- Кәсіби даму үшін құзыреттіліктер саласы (10)

Бұл курс болашақ мұғалімдерге педагогикалық зерттеулердің теориялық негіздерін береді. Болашақ мұғалімдер түрлі сенімді көздерден теориялық білімді іздеу және сыни тұрғыдан іріктеу дағдысын меңгереді, педагогикалық ойлау мен практиканы дамытуда зерттеу нәтижелерін пайдалану дағдыларын қалыптастырады, зерттеулерге негізделген оқыту мен білім алуға, сондай-ақ осы дағдыларды үздіксіз дамытып, өздерін кәсіби тұрғыдан жетілдіруге ықпал етуге дайын болуы тиіс.

2.3. Құзыреттіліктер, оқыту нәтижелері және бағалау критерийлері

Құзыреттілікті меңгерген болашақ мұғалімдер:

- педагогиканың табиғатын және оның негізгі терминологиясын біледі;
- педагогикадағы негізгі зерттеу салаларын анықтайды және күнделікті өмірдегі ойлау мен ғылыми білім арасындағы айырмашылықты түсінеді;
- білім беру саласындағы өзгерістерді бақылап отырады және олардың сіздің мұғалім ретіндегі жұмысыңызға қалай әсер ететінін қарастырады.

Оқыту нәтижесі	Бағалау критерийлері
Педагогиканың табиғатын және оның негізгі терминологиясын біледі	- Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін, негізгі категорияларын, принциптерін, заңдылықтарын, терминологиясын біледі тәжірибеде қолдана алады; - алынған теориялық білімді практикада қолдану үшін жеке және топтық тапсырмаларды орындай алады;
Педагогикадағы негізгі зерттеу салаларын анықтайды және күнделікті өмірдегі ойлау мен ғылыми білім арасындағы айырмашылық-ты түсінеді	- педагогикадағы негізгі зерттеу салаларын анықтай алады; - педагогикадағы қарапайым теориялық және эмпирикалық зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін біледі және қолдана алады;

	- күнделікті өмірдегі ойлау мен ғылыми білім арасындағы айырмашылықты түсінеді, қажеттілігіне қарай қолдана алады.
білім беру саласындағы өзгерістерді бақылап отырады және олардың сіздің мұғалім ретіндегі жұмысыңызға қалай әсер ететінін қарастырады.	- білім беру саласындағы өзгерістерді бақылайды, түсінеді, саралайды; - сол өзгерістерді мұғалім сабағына қалай қолданатынын бақылайды.

2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқыту іс-шаралары, оқытуға жетекшілік ету

Әр түрлі әдістерді қолдана отырып, оқытушылар әртүрлі оқу стильдерін қолдана алады және студенттердің әртүрлі қажеттіліктері мен қабілеттерін ескереді. Мысалы, кейбір студенттер көрнекі құралдармен жақсы оқи алады, ал басқалары практикалық сабақтардан немесе топтық жобалардан көбірек мақлұмат ала алады. Осы оқыту әдістерінің комбинациясын пайдалана отырып, оқытушылар студенттер үшін кешенді оқу ортасын жасай алуы тиіс. Студенттердің өз әлеуетін толық жүзеге асыруына мүмкіндік беретін бірнеше оқыту әдістерін атасақ:

- Зерттеуге бағдарланған оқыту;
- Критикалық ойлауды дамыту арқылы оқыту;
- Дизайн ойлау;
- Проблемалық оқыту;
- Жоба әдісіне негізделген оқыту;
- Кейсті талдау;
- Әдебиеттерді талдау және анализдеу

Оқыту әдісі	Студенттер не істейді	Іс-әрекет түрі
Зерттеуге бағдарланған оқыту (Inquiry-based Learning)	Алдыңғы зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып және өз зерттеу нәтижелерін синтездеп, сабақ барысында қолданады Ғылыми әдістерді өмірлік проблемалармен (сұрақтармен) байланыстырып, практикалық жұмыстарды жүргізу	Айналадағы құбылыстарды бақылау, ондағы заңдылықтарды тану, өздігінен қорытынды жасай білу, зерттеу элементін қолдану. Өзіндік қызығушылығын қалыптастыру арқылы өздігінен ізденуге бағытталады.

Критикалық ойлауды дамыту арқылы оқыту	Өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау	Өз ойын дәлелдейді, бір-бірінің ойын тыңдау, құрметтеу, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңу.
Дизайн ойлау	Студенттер педагогикалық міндеттердің инновациялық және тиімді шешімдерін іздеу үшін дизайнерлік ойлау принциптерін қолданады. Алған білімдерін өмірмен байланыстыруға, шынайы тұрғыда шығармашылық қабілетін арттыруға және түрлі ғылыми жаңалықтар ашуға деген құлшынысын арттырады	Студенттердің белсенді іс-әрекеті мен позитивті ойлануы, мәселеге сыни тұрғыда баға беруге үйренуі, шығармашылық дағдыны күшейту шығармашылық креативті идеяларды тудыру, прототиптер құру, интерактивті дизайнды әзірлеу бойынша шеберлік сыныптары мен практикалық сабақтар өткізіледі
Проблемалық оқыту	Студенттер талдауды және шешімдерді іздеуді қажет ететін нақты педагогикалық мәселелер мен қиындықтарға тап болады. Вебинарлар мен семинарлар проблемаларды талқылау және оларды шешу стратегияларын әзірлеу үшін өткізіледі	Студенттердің өз бетінше ойлау қабілеттерін жетіледі, проблемалық ситуация жасалып, студенттер оны шешуге белсенді түрде қатысады, проблеманы шешу жоспарын құрады, қажетті мәліметтерді жинақтайды, проблеманы шешу нәтижесінде меңгерген жаңа білімді практикада қолданады.
Жоба әдісіне негізделген оқыту	Студенттер алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдануға бағытталған жобаларға қатысады. Педагогикалық жобалар сабақтарды, әдістемелік материалдарды немесе оқыту бағдарламаларын әзірлеуді қамтиды.	Жобалау жұмыстарымен шұғылданады, презентациялар жасайды, түрлі жобаларға жоспар құрады, компьютерлік сауаттылығын арттырады

Кейсті талдау	Студенттерге шындықтың құбылыстарын зерттеу кезінде терең талдау жасауға және бірлесіп болған жағдайды талдау және тәжірибелік шешім шығаруға, жағдаятқа баға беруге мүмкіндік береді	Жағдаятпен оның ерекшелігімен танысу; әсер ететін факторлар мен объектілерді анықтау; ой доданы ұйымдастыру үшін тұжырымдаманы, ойларды ұсыну; шешім қабылдау алдындағы талдау жұмысы; кейстің шешімі – бірнеше нұсқадағы шешім, шешімдерге байланысты туындайтын мәселелерін ескеруді атау.
Әдебиет -терді талдау және анализдеу	Студенттердің білімін байыту және оларға әлемдік білім және ғылым жүйесі саласындағы озық тәжірибеге қол жеткізу үшін әлемдік әдебиет пен ғылыми жарияланымдарды талдау және пайдалану.	Ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау және жиналған мәліметтерді талдау, әлемдік білім қорының деректерін жинау, ғылыми ақпаратпен жұмыс жасау,

2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз

Үздіксіз кері байланыс:

Оқытушылар студенттерге оқу тапсырмалары мен жобаларын орындау бойынша тұрақты кері байланыс береді.

Студенттер курс барысында өз жұмысын жақсарту бойынша түсініктемелер мен ұсыныстар алады.

Өзін-өзі бағалау:

Студенттер оқу тапсырмалары мен жобалары аясында өз дағдылары мен білімдерін өзін-өзі бағалауға шақырылады.

Бұл студенттерге өздерінің жетістіктерін білуге және одан әрі жетілдіру бағыттарын анықтауға көмектеседі.

Әріптестерді бағалау:

Топтық жобалар аясында студенттер өз әріптестерінің жұмысын жобаға қосқан үлесі, тапсырмаларды орындау сапасы және ынтымақтастық сияқты әртүрлі критерийлер бойынша бағалайды.

Бұл командалық дағдыларды дамытуға және басқалардың пікірін құрметтеуге ықпал етеді.

Бағалау процесінде мұғалімнің рөлі:

Тапсырмалар мен жобаларды орындау бойынша объективті және сындарлы кері байланыс беру.

Студенттерге өзін-өзі бағалау және олардың дағдыларын дамыту процесінде басшылық ету.

Бағалау критерийлерін дұрыс түсінуді және процестің әділдігін қамтамасыз ете отырып, әріптестерді бағалауға қатысу.

Бағалау процесінде студенттің рөлі:

Өзін-өзі бағалау процесіне және өз жұмысын талдауға белсенді қатысу.
Әріптестердің жұмысын объективті бағалау және олардың жұмысы бойынша кері байланыс.

Өз дағдылары мен білімдерін жетілдіру үшін алынған кері байланысты белсенді пайдалану.

Бағалау оқыту мақсаттарына, тапсырмаларды орындау сапасына, күтілетін құзыреттілік нәтижелеріне қол жеткізуге және бағалау әдістеріне сәйкестікке негізделетін болады. Сындарлы сәйкестендірудің маңыздылығын ескере отырып, бағалау нәтижелері оқу процесін одан әрі жақсарту және модуль/курс мақсаттарына жету үшін пайдаланылады.

2.6. Іске асырудың балама әдістері

Аралас оқыту әдісі – студенттерге икемділік пен қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін онлайн сабақтардың, вебинарлардың және бетпе-бет сабақтардың комбинациясын пайдалану.

Бұл студенттерге әртүрлі білім беру ресурстарын пайдалана отырып, курс материалдарын өздеріне ыңғайлы форматта меңгеруге мүмкіндік береді

Lesson Study әдісі – сабақты зерттеуге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Оған жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, ынтымақтаса зерттеу жүргізетін мұғалімдер тобы қатысады.

Дамытуға бағытталған зерттеулер – бұл белгілі бір аспектілер мен заңдылықтарды үйренуге және зерттеуге деген ұмтылыспен бірге бағытталған зерттеулер.

Тәжірибеге бағытталған зерттеу жалпы ғылыми аясындағы қолданылатын әдістердің жиынтығын тәжірибеде қолдану

Портфолиоға негізделген бағалау әдісі – студенттерге ғылыми жобаларды, әзірленген сабақтарды және басқа да педагогикалық материалдарды қоса алғанда, өз жұмыстарының портфолиосын құруға мүмкіндік беру.

Бұл студенттерге бүкіл курста өздерінің кәсіби өсуі мен жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік береді.

2.7. Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі

Оқу тапсырмалары:

Зерттеу жобасы: студенттер тақырыпты таңдап, білім беру салалары бойынша шағын зерттеулер жүргізеді. Бұл әдебиеттерді шолуды, деректерді жинауды және талдауды және алынған нәтижелерге негізделген ұсыныстарды әзірлеуді қамтиды.

Педагогикалық материалдарды әзірлеу:

Студенттер білім берудегі заманауи тенденциялар мен инновациялық тәсілдерді ескере отырып, сабақтар, оқу құралдары немесе оқу бағдарламаларын жасайды.

Пікірталастарға қатысу:

Студенттер курсқа қатысты тақырыптар бойынша пікірталастарға белсенді қатысады, өз пікірлерімен бөліседі және басқалардың көзқарастарын талдайды.

Практикалық сабақтар өткізу:

Студенттер өздерінің педагогикалық дағдылары мен теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білу қабілеттерін көрсете отырып, әріптестеріне практикалық сабақтар әзірлейді және өткізеді.

Зерттеу нәтижелерін дайындау және таныстыру:

Студенттер өз зерттеулерінің нәтижелері туралы презентациялар мен баяндамалар дайындайды және оларды аудитория алдында ұсынады.

Студенттердің жұмыс жүктемесі:

Студенттердің жұмыс жүктемесі нақты тапсырмаға және жеке жағдайларға байланысты өзгереді, бірақ орташа есеппен аптасына 5-6 сағат болуы мүмкін.

Бұған әдебиеттерді оқуға, пікірталастар мен сабақтарға дайындалуға, оқу тапсырмаларын орындауға және қорытынды емтихандарға немесе презентацияларға дайындалуға кететін уақыт кіреді.

1. **Дәріс.** Теориялық аспектілерді игеру үшін дәрістерге, семинарларға белсенді қатысу, талқылауға белсенді қатысу, негізгі ұғымдарды бөліп көрсету, материалды бекітуге арналған тапсырмалар.

2. **Практикалық сабақтар.** Жаттығуларды, тапсырмаларды орындау, тәжірибеде білімді қолдануды талап ететін жобаларға қатысу, зерттеу жобасы, презентациялар, рефлексиялық күнделік жүргізу.

3. **СӨЖ және ОСӨЖ.** Әдебиеттерді оқу, дәрістер мен семинарларға дайындық, үй тапсырмаларын орындау, бақылау жұмыстарына, коллоквиумдарға дайындық, форумдарға, чаттарға, пікірталастарға қатысу, интерактивті жаттығуларды орындау.

2.8. Білім берудің инклюзивті жағдайларын қамтамасыз ету

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің пәнді меңгеруі жалпы және арнайы мақсаттағы оқыту құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Есту қабілеті бұзылған студенттердің оқу ақпаратын беруі үшін көрнекі құралдар, компьютерлік технологиялар, интерактивті тақтаны пайдалану қарастырылған.

Көру қабілеті бұзылған студенттермен өткізілетін сабақтарда сканерлеу және баспа мәтіндерін, аудиожазбаларды оқу, экранды үлкейту көзделген. Тірек-қимыл аппараты бұзылған студенттермен өткізілетін сабақтарда оқу ақпаратын қабылдау және беру үшін қолжетімді нысандарда даярлау көзделген, сондай-ақ мобильді оқыту жүйесі, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологиялары пайдаланылады.

Дәрістің аудио және бейне жазбалары, жазбаша материалдар мазмұны бар.

Бағалау құралдары ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін тапсырмаларды қолжетімді нысанда ұсыну көзделеді, атап айтқанда:

- баспа түрінде;
- үлкейтілген қаріппен баспа түрінде;
- электрондық құжат нысанында;
- ассистент тапсырманы дауыстап оқу арқылы.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін тапсырмаларға дайындық уақыты ұзартылуы мүмкін. Қажет болса, жұмыс нәтижелерін

бағалау бірнеше кезеңге бөлінуі мүмкін. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер есеп беру нысанын таңдауға және тапсырмаларды жеке (балама) кесте негізінде тапсыруға құқылы. Студенттер өз қажеттіліктері мен ұсыныстарын айта алатын ашық ортаны құру өзекті.

3. Өтпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс

3.1. Өтпелі тақырыптарды іске асыру

Цифрландыру және цифрлық құзыреттерді дамыту:

- педагогикалық практикада өз бетінше зерттеу және пайдалану үшін цифрлық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Педагогикалық білім берудегі зерттеулерге негізделген тәсіл:

- сыни ойлауға және оқытуға ғылыми көзқарасты интеграциялауға ықпал ете отырып, түрлі зерттеулерді жүргізуге ынталандыратын апсырмалар беру;
- шағын зерттеу жобаларын жүргізуде студенттерді қолдау.

Цифрландыру және цифрлық құзыреттерді дамыту тегін сандық сауалнамалар платформаларды қолдану

Сауалнамалар:

- Quizizz quizizz.com
- Mentimeter mentimeter.com
- Socrative socrative.com
- Google Forms google.com/forms/about
- Answergarden.ch answergarden.ch

Өзара іс-әрекет, қатысу, ынтымақтастық

Кері арналар, ортақ жазбалар мен стикерлер, тегтер бұлттары:

- Tozzl tozzl.com
- Padlet fi.padlet.com
- Slack slack.com
- Google Jamboard workspace.google.com/products/jamboard
- TagClouds, например, Tagxedo tagxedo.com

Көрінетін ойлау процесі, оқу күнделіктері, топтық жұмыс, жалпы рефлексия

Интерактивті тақталар, сандық визуализация, жалпы құжаттар

- Miro miro.com
- Mural mural.co
- Google Drive

Платформалар:

1. Nearpod - мобильді құрылғылар арқылы құру, өзара әрекеттесу және бағалау.
2. Kahoot! – оқу ойындарын ұйымдастыру.
3. Explain Everything – бірлескен интерактивті онлайн тақта.
4. Buncsee – мультимедиялық сабақтарды құру, таныстыру және бөлісу.
5. Go Noodle – қолданба жаттығуларды геймификациялайды, бұл балалардың жұмыс орындарынан кетуіне және олардың жігерлі және белсенді болуына мүмкіндік береді.
6. Peardeck – интерактивті презентация қызметі.
7. Book Creator – әдемі электрондық кітаптарды жасаудың оңай жолы.

8. Padlet–ынтымақтастықты ұйымдастырудың ең оңай жолы.

9. Canva – дизайнер еместерге арналған дизайн.

3.2. Пәнаралық байланыс

Білім беру бағдарламасының басқа курстарымен пәнаралық байланысына келетін болсақ, пән «Зерттеулер, даму және инновация», «Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс)», пәндерімен байланысты.

Курс барысында Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту (CLIL)ды қолдану.

CLIL – шет тілін тілдік-пәндік интеграцияланған оқыту. Бұл сабақты тілді қолдану арқылы үйрету. CLIL әдісі бойынша ағылшын тілінде жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, интернационализациялау, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі. Практикалық сабақтарды талқылау барысында, немесе өткен терминдерді қайталау үшін үштілді CLIL әдісі қолданылады.

4. Әдебиет және ресурстар

4.1. Негізгі әдебиеттер

1. Білім туралы (2007). Қазақстан Республикасының Заңы; 27.12.2019 жылғы өзгерістермен.
2. Кожухар В.М. Ғылыми зерттеулердің негіздері - М.: Дашков и Ко, 2015.-216с.
3. Болдин А.П., Максимов В.А. Ғылыми зерттеулердің негіздері - М.: Академия, 2012.-336.
4. Кузнецов И.Н. Ғылыми зерттеулердің негіздері - М., 2013-284.
5. Cohen, L., Manion, L. & Morrison, K. (2011). Research methods in education (7th ed.). London and New York: Routledge.
6. Creswell, J. W., & Miller, D. L. (2000). Determining validity in qualitative inquiry. Theory into practice, 39(3), 124-130. https://doi.org/10.1207/s15430421tip3903_2
7. Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches. Thousand Oaks, CA: SAGE Publications Inc. Gibbs, G. R. (2007).
8. Analyzing qualitative data. In U. Flick (Ed.), The Sage qualitative research kit. London: Sage. Kambatyrova, A., Orynassarova D., Zhaksybay, M. (2017).
9. Graduate students' experiences in thesis writing in Kazakhstan: The case of Nazarbayev University. Assignment on the course "Advanced quantitative research methods". Kambatyrova, A. (2020) Parents' language ideologies in the context of trilingual education policy. (Unpublished doctoral thesis). Nazarbayev University Graduate School of Education, Nur-Sultan, Kazakhstan. Linneberg, M. S., & Korsgaard, S. (2019).

10. Coding qualitative data: A synthesis guiding the novice. *Qualitative Research Journal*.

<https://www.researchgate.net/deref/https%3A%2F%2Fdoi.org%2F10.1108%2FQRJ-12-2018-0012> Muijs, D. (2011). *Doing quantitative research in education with SPSS* (2nd ed.). London, UK: SAGE Publications Inc. Pallant, J. (2011).

4.2. Қосымша әдебиеттер

1. *Survival manual. A step by step guide to data analysis using SPSS* (4th ed.). Crows Nest: Allen & Unwin Thomas, G. (2013). *How to do your research project. A guide for students in education and applied social sciences* (2nd ed.). London, UK: SAGE Publications Inc. Yin, R. K. (2011). *Applications of case study research*.
2. Sage publications. Камбатырова, А.С. (2016). Қазақстандағы білім берудің жаңа мазмұны: апробация және тәжірибе. ҚазҰУ хабаршысы. "Педагогикалық ғылымдар" сериясы, 3(49), 21–32.

4.3. Өзге ресурстар

Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер және тәжірибелер. Монография / Аида Сағынтаева, Әсел Камбатырова, Лаура Қарабасова, Гүлмира Қанай, Айнұр Әлмұхамбетова – Нұр-Сұлтан: Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 2022 – 232 б.

5. Қосымша ақпарат

5.1. Қосымша ақпарат

[Бұл жерде кез келген басқа тиісті қосымша ақпаратты ұсынуыңызды өтінеміз]

6. Курс саясаты

6.1. Курс саясаты

Студент университеттің келесі ішкі құжаттарының талаптарын қатаң сақтауы керек:

1. Академиялық саясат;
2. Академиялық адалдық ережелері;
3. Студенттің ар-намыс кодексі;
4. ЖОО-ның ішкі ережелері;
5. Студенттің ішкі тәртіп ережелері;
6. Қарыз алу көлеміне жазбаша жұмыстарды тексеруді жүргізу қағидалары мен тәртібі.

- Әрбір орындалмаған тапсырма үшін студент "0" балл алады, сабақта болмағаны үшін студент «б/ж» (болған жоқ) белгісін алады. Студенттің сабаққа 15 минуттан артық кешігуі кезінде студентке «б/ж» электронды журналына қойылады.
- Сабақ барысында телефонды немесе басқа құрылғыларды силлабустан көрсетілгеннен басқа жағдайларда (мысалы, электрондық ресурстар

арқылы сауалнама жүргізу немесе бағалау үшін) пайдалануға тыйым салынады. Аралық бақылау немесе емтихан өткізу кезінде телефондар, электрондық гаджеттер, шпаргалкалар тартып алынады.

- Барлық студенттік жұмыстар (СӨЖ, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау жұмыстары) қарыз алу көлеміне жүйемен тексеріледі. Егер мәтіннің/жұмыстың бірегейлігі коэффициенті белгіленген шекті деңгейден төмен болса) - жұмыс қабылданбайды.
- Пән саясатын бір рет бұзған жағдайда білім алушы оқытушыдан ауызша ескерту алады, пән саясатын жүйелі түрде бұзған кезде оқытушы кафедра меңгерушісіне баяндайды.
- Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған, үшінші тұлғалар тарапынан оқытушыға қысым жасалған жағдайда оқытушы комплаенс-офицерге қызметтік жазбаны бастау үшін кафедра меңгерушісіне баяндайды.

6.2. Бағалау және аттестаттау саясаты

Білім алушының оқу жетістіктері әр сабақ түрі бойынша апта сайын (академиялық саясатқа сәйкес) жеке 100 балдық шәкіл бойынша бағаланады.

Бағалау саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралау қағидаларына негізделеді. Пәнді оқу әртүрлі формадағы емтиханмен (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу, жобаны қорғау) аяқталады. Бағдарламада көзделген барлық тапсырмаларды орындау - емтиханға өтудің міндетті шарты. Қазіргі және аралық бақылау формалары, емтихан тапсыру формасы оқытушы айқындайды және әдістемелік секция қаралғаннан және ұсынылғаннан кейін кафедра отырысында бекітіледі. Ауызша және жазбаша тапсырмалар/емтихандар 1-қосымшаға сәйкес 0-100 баллмен бағаланады. Тапсырмалардың (жоба, сурет, презентация, топтық жоба және т. б.) басқа түрлері тапсырманың ерекшелігіне сәйкес жасалған критерийлер бойынша бағаланады.

Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері

Баға	Критерий
А 95-100	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілген, ұғымдармен еркін жұмыс жасауда, оның маңызды және маңызды емес белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажырата білуде көрінетін объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетілген. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде баяндалған, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді.
А- 90-94	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап беріледі, объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетіледі, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылады; жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық реттілік байқалады. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде берілген. Жауап беру

	процесінде білім алушылардың өз бетінше түзетілген ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+ 85-89	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды және жауапта нақты құрылымы көрінеді, ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық реттілік байқалады. Жауап академиялық тілде берілген. Жауапта оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер жіберілді.
B 80-84	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, қисынды, академиялық тілде баяндалған. Оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер немесе елеусіз қателіктер жіберілуі мүмкін.
B- 75-79	Қойылған сұраққа толық жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, логикалық, ғылым терминдерін қолдану арқылы берілген. Алайда білім алушыға жетекші сұрақтар арқылы түзетілген кішігірім қателіктер немесе кемшіліктер жіберілді.
C+ 70-74	Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілген, бірақ сонымен бірге маңызды және маңызды емес белгілер мен себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілген. Жауап логикалық және ғылыми терминдерді қолдану арқылы берілген. Білім алушы өз бетінше түзетуі қиын болған негізгі ұғымдарды анықтауда 1-2 қате жіберуі мүмкін.
C 65-69	Толық әрі ашық емес жауап берілген. Презентацияның логикасы мен дәйектілігі бұзушылықтарға ие. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателіктер жіберілді. Білім алушы елеулі және елеусіз белгілерді және себеп-салдарлық байланыстарды дербес ажырата алмайды. Білім алушы жалпыланған білімді мысалдармен олардың негізгі ережелерін тек оқытушының көмегімен дәлелдей отырып нақтылай алады. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгертулерді қажет етеді.
C- 60-64	Толық емес жауап берілген, логика және презентация дәйектілігі айтарлықтай бұзушылықтарға ие. Студенттердің олардың маңызды және маңызды емес белгілері мен байланыстарын түсінбеуіне байланысты ашылған ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателіктер жіберілді. Жауапта тұжырымдар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу мүмкіндігі көрсетілмеген. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгерістерді қажет етеді.
D+ 55-59	Толық емес жауап берілді. Презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушыға дәлелдеу қиын. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларындағы, фактілерді, құбылыстарды сипаттауда елеулі қателіктер көп. Жауапта тұжырымдар жоқ. Білім алушы оқытушының нұсқауынан кейін ғана білім арасындағы байланыстың бар екенін түсіне бастайды.
D 50-54	Анықтамалардағы елеулі қателіктер кеткен сұрақ тақырыбы бойынша шашыраңқы біліммен көрсетілген толық емес жауап берілген. Фрагментация, презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушы осы ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа объектілерімен байланысын білмейді. Тұжырымның қорытындылары, нақтылануы және дәлелдемесі жоқ. Оқытушының қосымша және нақтылау сұрақтары білім алушының қойылған

	сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына жауабын түзетуге әкелмейді.
FX 0-49	Қанағаттанарлық бағаға алғанға дейін қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.
F	Бағдарламада көзделген негізгі материалды білудегі олқылықтар анықталды, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан көбін игермеді, жауаптарда түбегейлі қателіктер жіберді, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау формаларында көзделген жекелеген тапсырмаларды орындамады, бағдарламада көзделген барлық негізгі әдебиеттерді пысықтамады.

Қосымша 2. Курстың құрылымы

Апта	Тақырып атауы (дәріс, семинар сабағы, СӨЖ)	Сағат
1	Ғылыми- педагогикалық әдіснама туралы түсінік	
2	Ғылыми білім танымдық іс әрекеттің нәтижесі ретінде	
3	Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу әдісі	
4	Зерттеудің ғылыми аппараты. Зерттеу элементтері	
5	Зерттеу жұмыстарының міндеттеріне сәйкес, анкеталар, тесттер, т.б. диагностикалық материалдар дайындау технологиясы	
6	Зерттеу жұмысының ғылыми аппаратына қойылатын талаптар	
7	Педагогикалық эксперименттің өзіндік ерекшеліктері мен оған қойылатын талаптар	
8	Эмпирикалық және теориялық зерттеу әдістері. Педагогикалық эксперимент	
9	Педагогикалық, психологиялық диагностикалау әдістері мен тәсілдері	
10	Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу әдісі	
11	Ғылыми-педагогикалық зерттеудің математикалық және статистикалық әдістері	
12	Зерттеу жұмысын рәсімдеу талаптары	
13	Эксперимент жүргізудің мониторингі	
14	Ғылыми мәтінмен жұмыс. Ғылыми хабарламалардың формалары	
15	Зерттеу тақырыбы бойынша мақала, пікір, реферат, аннотация, конспект, тезис дайындау	
	Барлығы	120